

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТИСІ

**Саны - 5 000 000 дана
Сомасы - 5 000 000 000 теңге**

**Толық атауы: «Налык Finance» Қазақстан Халық Банкінің Еншілес ұйымы»
Акционерлік қоғамы»**

Қысқаша атауы: “HALYK FINANCE ” АҚ

Жарияланған акциялар шығарылымын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу инвесторларға осы проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс беруді білдірмейді. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган аталған құжаттағы ақпараттың сенімділігі үшін жауапкершілік арқаламайды. Акциялар проспектісін уәкілетті орган тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпарат үшін жауап береді және қоғам мен оның акцияларына қатысты инвесторларға берілген ақпараттың дәл әрі сенімді екендігін растайды.

Проспектінің шығарылған күні – 2004 жылдың 1 желтоқсаны

Алматы қ.

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

2. Акционерлік қоғамның атауы:

орыс тіліндегі толық атауы	- Акционерное Общество «Дочерняя организация Народного Банка Казахстана «Halyk Finance»
қазақ тіліндегі толық атауы	- «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы
ағылшын тіліндегі толық атауы	- JSC Subsidiary Organization of Halyk Bank of Kazakhstan “Halyk Finance”
орыс тіліндегі қысқаша атауы	- АО “HALYK FINANCE ”
қазақ тіліндегі қысқаша атауы	- “HALYK FINANCE ” АҚ
ағылшын тіліндегі қысқаша атауы	- JSC “HALYK FINANCE ”

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет:

- Мемлекеттік тіркеуден өткен күні: 2004 жылдың 10 қарашасы
- Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік нөмірі: № 66715 – 1910-АО.
- ОКПО коды 40391358
- Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеуден өткізген органның атауы: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

Акционерлік қоғамды мемлекеттік қайта тіркеу туралы мәлімет:

- Мемлекеттік қайта тіркеуден өткен күні:
- Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік нөмірі:
- ОКПО коды:
- БСН:

Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеуден өткізген органның атауы: Алматы қ. Әділет Департаменті.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі:

СТН: 600400539107

ҚР салық төлеушісінің куәлігі, сериясы – 60, № 0047211. Алматы қаласының Бостандық аудандық салық комитеті берген.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондары, факс және электрондық поштасы туралы ақпарат:

- пошталық толық мекен-жайы: Қоғамның атқарушы органының орналасу орны: Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы қ., Абай пр., 109 «В», 5-қабат;
- байланыс телефоны: 8 (727) 357 31 77;
- факс: 8 (727) 357 31 77 ішкі 3323;
- электрондық мекен-жайы: halykfinance@halykfinance.kz.

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері:

- қызмет көрсетуші банктің атауы және оның орналасқан жері: “Қазақстан Халық Банкі” АҚ, Алматы облыстық филиалы, 050046, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 101
- ИИК – KZ386010011000054267
- БИК – HSBK KZ KX

7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері:

Акционерлік қоғам мынадай қызмет түрімен айналысады:

1) бағалы қағаздар рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыру, оның ішінде номинал ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен;

- 2) дилерлік қызмет;
- 3) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару;
- 4) андеррайтинг;
- 5) консультациялық қызмет көрсету;
- 6) маркет-мейкер қызметі;
- 7) бағалы қағаздарды ұстаушылардың өкілі қызметін көрсету;
- 8) жаңа эмитенттердің бағалы қағаздарын ұйымдастырылған рынокқа шығару;
- 9) заңды тұлғалардың акционерлік капиталына қатысу;
- 10) ақпараттық қызмет көрсету;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлерін көрсету.

8. Акционерлік қоғамға немесе оның шығарған бағалы қағаздарына халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтинг туралы мәлімет:

“HALYK FINANCE” АҚ-ның рейтингі жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайы:

“HALYK FINANCE” АҚ-ның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Акционерлік қоғамның қаржылық есептемесіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты және бар болса - әкесінің аты):

«Делойт» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

10-1. Қоғаммен корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні (егер оны қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылса):

2012 жылғы 30 мамыр.

10-2. Акционерлердің жалпы жиналысымен Қоғаммен акцияларды сатып алған кездегі олардың құнын анықтау әдіс-емесін бекіту күні:

2012 жылғы 30 мамыр.

2. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

11. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі:

Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Қазіргі уақыттағы және соңғы үш жылдағы лауазымы	Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беретін акциялардың қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына қатынасы	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың осы акциялардың орналастырылған акцияларының (жарғы капиталындағы үлестерінің) жалпы санына қатынасы
Карабаев Даурен Сапаралиевич (Директорлар кеңесінің төрағасы) 11.06.1978 г.р.	- 15.04.2005 ж. бастап 09.10.2014 ж. дейін HSBK (Europe) B.V., басқарушы директор. - 01.03.2007 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.	0,00 %	0,00 %

	<p>- 30.03.2007 ж. бастап 20.08.2014 ж. дейін «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 30.03.2009 ж. бастап 15.10.2012 ж. дейін «НБК-Банк» ААҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>- 08.04.2009 ж. бастап 26.02.2015 ж. дейін «Казахинстрах» АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>- 05.05.2009 ж. бастап 18.10.2012 ж. дейін «Халық Банк Грузия», Бақылау кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 13.07.2009 ж. бастап 06.09.2012 ж. дейін «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 28.06.2010 ж. бастап 15.05.2015 ж. дейін «Қазақстан қор биржасы» АҚ, Биржалық кеңес мүшесі.</p> <p>- 04.11.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Халық-Life» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 07.11.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Халық-Life» АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>- 21.11.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Халық-Лизинг» АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>- 30.05.2012 ж. бастап 31.05.2012 ж. дейін «Halyk Finance»,</p>		
--	---	--	--

	<p>Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 31.05.2012 г. ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Налук Finance», Директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>- 25.06.2012 г. ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Халық Проект» күмәнді және үмітсіз активтерді басқару бойынша Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы» ЖШС, Бақылау кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 16.10.2012 г. ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «НБК-Банк» ААҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 27.02.2015 г. ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Казахинстрах», Директорлар кеңесінің мүшесі.</p>		
<p>Курманов Жанат Бостанович (Тәуелсіз директор) 22.02.1962 г.р.</p>	<p>- 07.02.2007 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Халық банк Қырғызстан» ААҚ, Директорлар кеңесі төрағасының орынбасары, тәуелсіз директор.</p> <p>- 24.12.2007 ж. бастап 31.01.2014 ж. дейін «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры», АҚ тәуелсіз директор.</p> <p>- 28.03.2008 ж. бастап 04.07.2013 ж. дейін «Қазақстан тұрғын құрылыс жинақ банкі» АҚ, тәуелсіз директор.</p> <p>- 23.06.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін АО «Налук Finance», тәуелсіз директор.</p> <p>- 08.07.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Халық-Life», тәуелсіз директор.</p> <p>- 28.06.2010 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан қор биржасы»,</p>	0,00 %	0,00 %

	<p>тәуелсіз директор. - 11.08.2010 ж. бастап 10.02.2015 ж. дейін «Қазахинстрах» АҚ, тәуелсіз директор. - 17.08.2010 ж. бастап 06.04.2014 ж. дейін «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы» АҚ, тәуелсіз директор. - 08.08.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін АО «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы, тәуелсіз директор. - 11.03.2012 ж. бастап 27.12.2014 ж. дейін «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы академиясы» АҚ, тәуелсіз директор. - 23.05.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін АО «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі», тәуелсіз директор. - 31.05.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан қор биржасы», директорлар кеңесінің төрағасы. - 28.08.2012 ж. бастап 04.07.2013 ж. дейін «Қазақстан тұрғын құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы. - с 05.12.2012 ж. бастап 11.09.2013 ж. дейін «Қазақстан тұрғын- құрылыс корпорациясы», тәуелсіз директор. - с 01.01.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Цесна Гарант» сақтандыру компаниясы «Цеснабанк АҚ еншілес ұйымы», тәуелсіз директор.</p>		
--	--	--	--

	<p>- 04.01.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ, тәуелсіз директор.</p> <p>- 01.03.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Ирбис» қаржылық нарықтардың ақпараттық агенттігі» ЖШС, Бақылау кеңесінің мүшесі.</p> <p>- 10.09.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Ирбис» қаржылық нарықтардың ақпараттық агенттігі» ЖШС, Бақылау кеңесінің төрағасы.</p> <p>- 12.03.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Мемлекеттік кредит бюросы», тәуелсіз директор.</p> <p>- 14.05.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Проблемалы кредиттер қоры» АҚ, тәуелсіз директор.</p>		
<p>Айтхожина Жанар Камитовна (Тәуелсіз директор) 21.09.1965 ж.т..</p>	<p>- 29.07.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Налык Finance» АҚ, тәуелсіз директор.</p> <p>- 19.05.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Казтелепорт» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор.</p>	0,00 %	0,00 %
<p>Абжанов Арнат Рахатович (Директорлар кеңесінің төрағасы) 01.09.1975 ж.т.</p>	<p>- 28.04.2008 ж. бастап 20.03.2012 ж. дейін «Налык Capital» АҚ, Басқарма мүшесі.</p> <p>- 01.08.2008 ж. бастап 31.05.2014 ж. дейін «Налык Finance» АҚ, Басқарма мүшесі.</p> <p>- 01.06.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Налык Finance» АҚ, Басқарма төрағасы.</p> <p>- 23.07.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Налык Finance» АҚ, Директорлар кеңесінің</p>	0,00 %	0,00 %

	төрағасы.		
--	-----------	--	--

ӨТКЕН 2 ЖЫЛ ІШІНДЕ «NALYK FINANCE» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ СОЛ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІ

№	Өзгеріс	Директорлар Кеңесі мүшесінің аты-жөні	Директорлар Кеңесіндегі мүшелік кезеңі	Өзгерістердің себебі
1	Директорлар Кеңесі мүшесінің өз еркімен өкілеттік мерзімін бұрын аяқтау	Тулибергенов Еркебулан Муратович	«Nalyk Finance» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі 2010 жылдың 08 желтоқсаны аралығынан бастап 2014 жылдың 02 маусым аралығына дейін.	Өз еркімен өкілеттігін мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтініш.
2	Директорлар кеңесінің мүшесін тағайындау	Әбжанов Арнат Рахатұлы	2014 жылғы 23 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін «Nalyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің А.Р. Әбжанов «Nalyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына тағайындау туралы шешімі (2014 жылғы 23 шілдедегі №211 хаттамасы).
3	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату	Усатов Евгений Владимирович	25.02.2009 ж. бастап 25.08.2015 ж. дейін	Бір ғана акционердің шешімі («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 249 хаттамасы), оның негізінде «Nalyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 адамнан 4 адамға дейін азайды, ал

				Директорлар кеңесінің дербес құрамы толық құрамда қайта сайланды, Е.В.Усатовты қоспағанда.
4	Директорлар кеңесі Төрағасын қайта сайлау	Карабаев Даурен Сапаралиевич	31.05.2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін	«Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің (2015 жылғы 26 тамыздағы № 309 хаттама) «Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлау туралы шешімі.
<i>Ескерту:</i> Өткен 2 жыл ішінде директорлар кеңесінің құрамында басқа өзгерістер болған жоқ.				

11-1 Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері:

1. «Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің кадрлар және сыйақы мәселелері, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Комитеттің құзыретіне мынадай мәселелер:

1) Қоғамның лауазымды тұлғаларына, корпоративтік хатшысына, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне және Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты басқа да қызметкерлеріне талаптарды қою бойынша ұсынымдарды әзірлеу;

2) Қоғам Басқармасының, оның Төрағасының және Ішкі аудит қызметінің еңбек ақысының өзгерістері және сандық құрамы, өкілеттігінің мерзімі және жұмыс тәртібі туралы өзгерістерді Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізу;

3) Басқарманың мүшелеріне, оның Төрағасына, Қоғамның Ішкі аудит қызметі қызметінің қызметкерлеріне және Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты басқа да қызметкерлеріне сыйақы және ақшалай сыйлықақы мәселелері бойынша ұсынымдарды Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізу;

4) корпоративтік хатшының, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің және Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты басқа қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындалуымен байланысты шешімдерін алдын ала мақұлдау, сондай-ақ олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Қоғамның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету саясаты бойынша Директорлар кеңесінің ұсынымдарын алдын ала қарастыру және жасау;

6) Директорлар кеңесінің ұсынымдары бойынша ұсынымдарды беру кіреді.

2. «Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеті

Комитеттің құзыретіне:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның стратегиялық жобалары бойынша ұсынымдарды алдын ала қарастыру және жасау, Қоғамның қолданыстағы стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Қоғамның қолданыстағы стратегиясына олардың ықпалын анықтау үшін сыртқы және бәсекелес ортаның өзгерістеріне мониторинг жүргізу, осы өзгерістерді ескеріп, стратегияны қайта қарастыру/қайта бағалау бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне әзірлеу;

3) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтауға қатысты жеке стратегиялық шешімдерді жасау бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне әзірлеу;

4) Акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жарияланған акциялардың санының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы мәселелер бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;

5) Қоғамның жарияланған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;

6) Қоғамның қайта ұйымдастырылуымен байланысты кейбір стратегиялық шешімдерді жасау ұсынымдарын талдау және ұсыну;

- 7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілік жобасы бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды алдын ала қарастыру және жасау;
- 8) Қоғамның облигациялары мен өндірістік бағалы қағаздарын шығару талаптары бойынша ұсынымдарды алдын ала қарастыру және жасау;
- 9) Қоғамның ішкі құжаттарының жобалары, атап айтқанда: бизнес-жоспары мен Қоғамның Даму стратегиясы бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;
- 10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру/жабу мәселелері бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;
- 11) Басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) 10 (он) және одан көп пайызын Қоғамның сатып алатын/иеліктен шығаратын мәселелері бойынша ұсынымдарын Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;
- 12) Акцияларының 10 (он) және одан көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның қызметі туралы мәселелері бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;
- 13) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капитал мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызға ұлғайту мәселелері бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне алдын ала қарастыру және жасау;
- 14) Ірі мәмілелерді және бекітілуі Қоғамның мүддесінде болатын мәмілелерді бекіту мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды алдын ала қарастыру және жасау;
- 15) Директорлар кеңесіне бекітуге шығарар алдында ішкі аудиттің жүргізілу тәртібін реттейтін Ішкі аудит қызметі туралы ереженің және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын алдын ала қарастыру (соның ішінде өзгерістері мен толықтыруларын);
- 16) Директорлар кеңесіне бекітуге шығарар алдында Ішкі аудит қызметінің жыл сайынғы қызмет жоспарын алдын ала қарастыру (соның ішінде аудиторлық тексерулердің жоспарын);
- 17) Директорлар кеңесіне берілетін ішкі аудит есептеріне талдау жасау;
- 18) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметін алдын ала бағалау (егер мұндай талап етілсе);
- 19) Директорлар кеңесінің нұсқауы бойынша ұсынымдарды беру.

11-2 Акционерлік қоғамның ішкі аудит қызметі.

Ішкі аудит қызметі басшысының тегі, аты, бар болса, - әкесінің аты	Қазіргі уақытта және соңғы үш жылдағы лауазымы	Ішкі аудит қызметі басшысының өкілеттігі
Пернебаев Касен Усенович (08.10.1974 ж.)	20.10.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Nalyk Finance» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы; 18.05.2009 ж. бастап 19.10.2014 ж. дейін «Nalyk Finance» АҚ Ішкі аудит қызметінің аудиторы.	1) қызметтің қызметі мәселесі бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу; 2) қызметтің қызметі мәселесі бойынша іс жүргізуді ұйымдастыру; 3) аудиторлық тексерулер мен постаудиторлық бақылауды жоспарлауды ұйымдастыру; 4) оңтайлы орындау мақсатында Компания бөлімшелері жүргізетін және жоспарлайтын ішкі

		<p>және сыртқы аудиторлардың тексерулерінің нәтижелері, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелер, бойынша қабылданатын іс-шаралардың, әсер ету шараларының, қаржы нарығы мен қаржылық ұйымды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның санкциялары мен басқа талаптарының тиімділігінің мониторингін жүргізу;</p> <p>5) аудиторлық тексерулер процесінде алынған ақпаратты жинауды, жүйелендіруді және құжаттамалауды ұйымдастыру;</p> <p>6) тексерулер нәтижелері бойынша есептер мен қорытындылар жасау;</p> <p>7) сыртқы аудиторлармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымақтастық;</p> <p>8) мыналарды тексеруді ұйымдастыру және жүзеге асыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін, олардың тиімділігін бағалау; - тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің әдіснамасын (әдістемесін, бағдарламасын, ережесін, операциялар жүргізу тәртібі мен рәсімдерін) қолданудың толықтығы мен тиімділігі; - деректер базасының тұтастығын бақылауды және оларды санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, алдын ала болжанбаған жағдайларды қоса, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің қызмет ету тиімділігін;
--	--	---

		<p>- бухгалтерлік есеп пен есептіліктің сенімділігі, толықтығы, объективтілігі және уақтылығы, сондай-ақ ақпарат пен есептің сенімділігі және жинау және берудің уақтылығы;</p> <p>- Компания қызметінің лицензияланатын түрлері шеңберінде кез келген мәліметтерді және ақпаратты Компанияның сенімді, толық, объективті және уақытында беруін;</p> <p>- Компания мүлкінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын тәсілдерін (әдістерін);</p> <p>- Компания қызметінің лицензияланатын түрлері шеңберінде жүргізілетін операциялардың барлық түрлерінің экономикалық дұрыстығы мен тиімділігін;</p> <p>- Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қорлар және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтау барысында жасалған жүйелерді;</p> <p>- Компания қызметкерлерін басқару қызметінің жұмысын;</p> <p>- күн сайынғы баланстарды өңдеудің дұрыстығын;</p> <p>- есептік саясаттың қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкестігін;</p> <p>- инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін және (немесе) Компанияның меншік активтеріне заңсыз амал-айла жасау фактісінің болуы;</p> <p>- инвестициялық</p>
--	--	--

		<p>басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін және (немесе) Компанияның меншік активтерін есепке алудың дұрыстығы.</p> <p>9) Компанияның Басқармасына және Директорлар кеңесіне жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша есептер беру;</p> <p>10) жаңа жобаларды әзірлеу және енгізу кезінде мүмкін болатын ішкі және сыртқы тәуекелдерді анықтайды және талдайды;</p> <p>11) Компанияның ішкі резервтерін анықтайды және оларды тиімді пайдалану жолдарын анықтайды;</p> <p>12) қаржыны жұмсау мониторингін жүргізеді, кәсіпорын табыстары мен шығыстарының талдауын, салықтарды оңтайлауды және жоспарлауды жүргізеді;</p> <p>13) Компания қызметкерлеріне шаруашылық және қаржылық қызмет, бухгалтерлік есептілік мәселелері, салық салу проблемалары және күзіретіне кіретін басқа мәселелер бойынша кеңес береді;</p> <p>14) Компанияның ішкі құжаттарында және Компанияның Директорлар кеңесінің тапсырмаларында қарастырылған басқа мәселелер.</p>
--	--	---

12. Акционерлік қоғамының алқалық (жеке дара) атқарушы органы:

Басқарма «Halyk Finance» АҚ коллегиялық атқарушы органы болып табылады.

Тегі, аты, болған жағдайда- әкесінің аты, туылған жылы	Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдар хронологиялық тәртіппен, оған қоса-қосымша	Басқарманың мүшелеріне тиесілі акциялардың акционерлік қоғаммен орналастырылған
---	---	--

	атқаратын қызметтері	акциялардың жалпы санына пайыздық қатынасы
Әбжанов Арнат Рахатұлы (01/09/1975 ж.)	<ul style="list-style-type: none"> - 2014 жылғы 01 маусымнан бастап қазіргі күнге дейін – «Halyk Finance» АҚ Басқарма Төрағасы. - 2008 жылғы 28 сәірден бастап 2012 жылғы 20 наурызға дейін - «Halyk Capital» АҚ Басқарма мүшесі. - 2008 жылғы 01 тамыздан бастап 2014 жылғы 31 маусымға дейін – «Halyk Finance» АҚ Басқарма мүшесі. - 2008 жылғы 28 сәуірден бастап 2008 жылғы 01 тамызға дейін – «Halyk Finance» АҚ Басқарма Төрағасы. - 2008 жылғы 10 қаңтардан бастап 2008 жылға 28 сәуірге дейін – «Halyk Finance» АҚ Басқарма Мүшесі. - 2005 жылғы 01 қазаннан бастап 2008 жылғы 01 ақпанға дейін – «Lancaster Invest» АҚ Басқарма мүшесі, Вице-Президенті. 	0,00 %
Шәймерден Евгения Валерьевна (01/08/1978 ж.)	<ul style="list-style-type: none"> - 2006 жылғы 12 наурыздан бастап 2012 жылғы 20 наурызға дейін - «Halyk Capital» АҚ (Басқарма мүшесі – бас бухгалтер). - 2006 жылғы 23 қаңтардан бастап қазіргі күнге дейін - «Halyk Finance» АҚ (Басқарма мүшесі – бас бухгалтер). - 2005 жылғы 18 қазаннан бастап 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Private Banking Департаментінің бэк-офисінің Басқарма Бастығы. 	0,00 %
Бос қызмет орындары	-	-
Бос қызмет орындары	-	-

«Halyk Finance» АҚ Басқарма Төрағасының және мүшелерінің өкілеттіктері:

«Halyk Finance» АҚ Басқарма Төрағасы Арнат Рахатұлы Әбжанов келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Компания Басқармасының жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Компания Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) Үшінші тұлғаларға қатысты Компанияның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) Компанияны үшінші тұлғаларға қатысты ұсыну құқығына сенімхат береді;
- 5) Басқарма мүшелерінен басқа, Компания қызметкерлерін қабылдауды,

ауыстыруды және қызметтен босатуды жүзеге асырады, оларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Басқарма құрамына және Компанияның Ішкі аудит қызметіне кіретін қызметкерлерден басқа, Компанияның штаттық кестесіне сәйкес Компания қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және жалақыға дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді;

6) Өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерінің орындалуын Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте Компанияның мүлкіне және қаражаттарына билік жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған және Компанияның басқа органдарының құзыретіне жатпайтын өзге функциялар.

Басқарма мүшесі-бас бухгалтер Евгения Валерьевна Шәймерден келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Тиісті түрде ресімделген барлық қажетті құжаттар негізінде мәмілелердің өз уақытында және дұрыс орындалуын және тіркелуін бақылайды;

2) Қолданыстағы заңнама, уәкілетті органдардың нұсқаулық материалдары, Компания Жарғысы және Есептік саясат негізінде Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметінің есепке алынуын ұйымдастырады;

3) Компанияның құрылымына және оның қызмет ерекшеліктеріне, оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйеніп, бухгалтерлік есеп туралы заңнамаға сәйкес Есептік саясаттың әзірленуіне қатысады;

4) шоттардың жұмыс жоспарын, типтік нысандары қарастырылмаған шаруашылық операцияларын ресімдеу үшін қолданылатын біріншілік есептік құжаттар нысанын дайындау және қабылдау бойынша, ішкі бухгалтерлік есептілік құжаттар нысанын әзірлеу бойынша, сондай-ақ, түгендеуді жүргізу тәртібін қамтамасыз ету, шаруашылық операциялардың жүргізілуін бақылау, бухгалтерлік ақпаратты өңдеу технологияларын және құжат айналымының тәртібін сақтау бойынша жұмыстарды басқарады;

5) қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді инвестицияларды және Компанияның қаржыландыру көздерін есепке алуды ұйымдастыру бойынша жұмысты басқарады;

6) Уәкілетті органмен белгіленген қаржылық тұрақтылық критерийлерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) Бюджеттің жасалуына және уәкілетті органға бюджеттің орындалуы бойынша есептілік үшін жауап береді;

8) Кадр іс жүргізу және тиісті есептіліктің жасалуына жауап береді;

9) мыналарды қамтамасыз етеді:

есептік-есептегіш жұмыстарды автоматтандырудың, бухгалтерлік есептің прогрессивтік нысандары мен әдістерінің заманауи құралдарының пайдаланылуын;

клиенттердің бағалы қағаздармен мәмілелерінің өз уақытында және сапалы орындалуын және тіркелуін,

түскен ақшалардың, тауарлық-материалдық запастардың, негізгі қорлардың, материалдық емес активтердің, инвестициялардың, қаржы құралдарының толық есебін, сондай-ақ, олардың қозғалысымен байланысты операциялардың бухгалтерлік есепке алынуын өз уақытында көрсету;

бекітілген ережелерге сәйкес Компанияның шаруашылық-қаржылық қызмет нәтижелерінің есепке алынуын;

салық және мемлекеттік бюджетке басқа міндетті төлемдерді, жарналарды мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруды дұрыс есептеуді және өз уақытында аударуы, белгіленген мерзімде банктің белгіленген несиелер бойынша берешегін өтеуді, қорларға және резервтерге қаражаттарды аударуды;

акшалардың, тауарлы-материалдық запастардың және Компанияның басқа активтерінің жетіспеушілігі және тоналуы бойынша материалдарды ресімдеу жұмысына қатысуды;

ішкі шаруашылық резервтерді анықтауды, зияндарды және өндірістік емес шығындарды алдын алу мақсатында бухгалтерлік есеп пен есептілік деректері бойынша Компанияның шаруашылық-қаржылық қызметінің экономикалық талдануын жүргізуді (басқа өкілдіктермен және қызметтермен бірігіп);

10) Бас бухгалтер тиісті бөлімшелердің және қызметтердің басшыларымен бірігіп келесілерді мұқият бақылауға міндетті:

Тауарлы-материалдық запастардың қабылдануын және жіберілуін ресімдеудің белгіленген ережелерінің сақталуын;

Штаттық, қаржы және кассалық тәртіпті, әкімшіліктік-шаруашылық сметасының және өзге шығындардың қатаң сақталуын;

Акшаларды, тауарлы-материалдық запастарды, негізгі қорларды, материалдық емес активтерді, инвестицияларды, қаржы құралдарын, есептерді және төлем міндеттемелерін түгендеуді жүргізудің белгіленген ережелерінің сақталуын;

Дебиторлық берешекті белгіленген мерзімде өндіріп алу және кредиторлық берешекті өтеу, төлем тәртібінің сақталуын;

Бухгалтерлік баланстардан жетіспеушіліктерді, дебиторлық және кредиторлық берешекті және басқа да шығындарды есептен шығару заңдылығын;

11) Жетіспеушіліктердің туындауын және акшалардың және тауарлы-материалдық запастардың заңсыз жұмсалуды, қаржылық және шаруашылық заңнамасының бұзылуын болдырмайтын шараларға белсенді қатысады;

12) Компанияның бухгалтерия және басқа бөлімшелерінің қызметкерлеріне өз уақытында бухгалтерлік есеп, бақылау, есептілік және экономикалық талдау мәселелері бойынша нұсқама жүргізеді;

13) Біріншілік құжаттардың және бухгалтерлік жазбалардың негізінде қаржылық, бухгалтерлік, салықтық, статистикалық есептіліктің жүргізілуін, тиісті уәкілетті органға белгіленген мерзімде оның ұсынылуын бақылайды;

14) Бухгалтерлік құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуді, тиісті инстанцияларға және мұрағатқа олардың белгіленген тәртіпте өткізілуін бақылайды;

15) Компанияның қаржылық-шаруашылық қамтамасыз ету мәселелеріне жауап беретін басқа қажетті шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді.


13. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы орган мүшелеріне және басқа басшы қызметкерлерге төленетін сыйақы:

“HALYK FINANCE” АҚ-да Директорлар кеңесі болмағандықтан сыйақы мен жалақы төлеу жүргізілмеген.

“HALYK FINANCE” АҚ заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап Бас директорға сыйақы төленбеген.

14. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы.

1) 2013 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша Акционерлік қоғамның ұйымдастыру құрылымы»:



2) 2013 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша Акционерлік қоғам қызметкерлерінің, соның ішінде филиалдар мен өкілдіктердің жұмысшыларының жалпы саны:

Жұмысшылар санаты	Адамдар саны
Эмитенттің негізгі қызметімен айналысатын жұмысшылар саны	45
Әкімшілік қызметкерлері	4
Жиыны:	49

3) 01.12.2010 ж. жағдай бойынша қоғамның акцияларына иелік ететін акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санындағы пайыздық жиынтық үлесі:

«HALYK FINANCE» АҚ-ның қызметкерлері «HALYK FINANCE» АҚ-ның акцияларына иелік етпейді;

4) 2014 жылғы 21 қазандағы жағдай бойынша Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туылған жылы):

Құрылымдық бөлімшелердің атауы және лауазымдар	Тегі, аты, әкесінің аты және туылған жылы
Ішкі аудит қызметінің басшысы	Пернебаев Касен Усенович (1974 ж.т.)
Басқарма Төрағасы	Абжанов Арнат Рахатович (1975 ж.т.)
Басқарма Мүшесі	Бос қызмет орындары
Басқарма мүшесі-Бас бухгалтер	Шәймерден Евгения Валерьевна (1978 ж.т.)
Басқарма Мүшесі	Хақимжанов Сабит Темирханович (1965 ж.т.)
Бэк-офис және есептелік Департаментінің Директоры	Әлі Санжар Орақұлы (1981ж.т.)
Қазынашылық Департаментінің Директоры	Утенов Азамат Серикканович (1981 ж.т.)
Заң Департаментінің Директоры	Оспанова Айгерим Бауыржановна (1983 ж.т.)
Сатылым Департаментінің Директоры	Пан Мария Владимировна (1982 ж.т.)
Тәуекел-менеджмент Департаментінің Директоры	Ашимов Нурлан Газизович (1965 ж.т.)
Ақпараттық технологияларды дамыту Департаментінің Директоры	Лисенков Дмитрий Владимирович (1973 ж.т.)
Қаржылық кеңес беру және андеррайтинг Департаментінің Директоры	Охонов Фархад Рашидович (1980 ж.т.)
Ақпараттық технологиялар Департаментінің Директоры	Айпанов Максат Шамшаевич (1982 ж.т.)
Бухгалтерлік есепке алу және есептілік басқармасының бастығы	Исмаилова Гульнара Ергалиевна (1981 ж.т.)
Әкімшілік-шаруашылық басқармасының бастығы	Жабагин Жумабек Жуматаевич (1976 ж.т.)
Операцияларға әкімшілік етуді басқармасының бастығы	Аканова Динара Бахтияровна (1980 ж.т.)

5) 01.12.2004 ж. жағдай бойынша эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары туралы мәлімет (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, туған жылы):

«HALYK FINANCE» АҚ филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

15. Акционерлік қоғамның 01.10.2010 ж. жағдай бойынша құрылтайшылары (акционерлері):

«HALYK FINANCE» АҚ құрылтайшысының атауы	Үлесі	Акционерге тиесілі акциялар саны
«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» акционерлік қоғамы, 050008, Алматы қ., Абай даңғылы, 109 «В»	100%	Барлығы: 4 750 000 дана, оның ішінде: 3 900 000 дана жай акциялар; 850 000 дана артықшылықты акциялар..

Құқықтарды өткізу мерзімі, жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынылған күннен бастап 60 күннен аспайтын акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларын сатып алуға арналған опцион жасалған жоқ.

16. 01.12.2004 ж. жағдай бойынша акционерлік қоғам он және одан артық акцияларына (үлестеріне) иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер:

«HALYK FINANCE» АҚ басқа ұйымдардың акцияларына иелік етпейді.

17. 01.12.2004 ж. жағдай бойынша акционерлік қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банк, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

«HALYK FINANCE» АҚ өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

18. 01.12.2004 ж. жағдай бойынша акционерлік қоғамның басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер:

№	Үлестес тұлғалардың атауы	Мекен-жайы
1.	«Халық-лизинг» АҚ	Алматы қ., Масанчи к-сі, 26
2.	«Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ	Алматы қ., Масанчи к-сі, 26
3.	«Қазтелеспорт» АҚ	Алматы қ., Чайковский к-сі, 39а
4.	HSBK B.V.	Голландия, Амстердам
5.	«Инвестициялар пайдалылығын зерттеу жөніндегі агенттік» ЖШС	Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 21
6.	"Хлебный" АКБ	Челябинск қ., Киров к-сі, 130
7.	«Қайрат банк» АТАҚ	Бішкек қ., Фрунзе к-сі, 380
8.	«Қазақшетақандыру» АҚ	Алматы қ., Жібек жолы к-сі, 69
9.	«Бірінші кредит бюросы» ЖШС	Алматы қ., Самал-2 ш/а., Жолдасбеков к-сі, 97

18-1. 01.12.2004 ж. жағдай бойынша акционерлік қоғамның үлестес тұлғалармен жасаған мәмілелері:

«HALYK FINANCE» АҚ үлестес тұлғалармен мәмілелер жасамаған.

3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

19. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәлімет:

1999-2000 жылдары лицензияланған делдал-дилерлер саны азайғаннан кейін олардың саны тұрақтанып, тұрлаулы қалыпта қалып отыр. 2004 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда 56 делдал-дилер бар.

Мұндай мән-жайдың тоғысуы ең бірінші мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногы қор рыногының серпінді дамып келе жатқан секторы болып табылатындығына байланысты, банктік емес ұйымдар- делдал дилерлердің кәсіби сауда делдалы және қаржы кеңесшілері ретіндегі ролі тұрақты өсуде және бұл қазір әрекет ететін компаниялардың дамуын және пайда болуы мүмкін жаңа, банк емес ұйымдар – делдал дилерлердің дамуын ынталандырады. Бұл болжам есепті кезеңде қаржы кеңесшілері, қосалқы менеджерлер, маркет-мейкерлер көбінесе банкке жатпайтын ұйымдар болып табылатындығын көрсетеді.

Қазіргі уақытта акциялар рыногында істейтін барлық қаржы компаниялары мен банктер делдалдық қызметтер ұсынады. Комиссиялық сыйақының орташа мөлшері ең ірі компанияларда 0,2%-дан клиенттік база жинақтаумен айналысудағы жаңа компанияларда мәміле сомасының 0,05% дейін өзгереді, бұл ставканың мөлшері инвестордың табыс мөлшеріне байланысты белгіленеді. Көрсетілетін қызмет өзінің салыстырмалы қарапайымдылығымен сипатталады, бірақ екінші жағынан тек бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары ғана оны таза түрде көрсете алады. Қаржы компанияларымен делдалдық қызмет көрсетуге арналған шарттар жасайтын клиенттерге консультациялық қызметтер әдетте тегін ұсынылады.

Ең кәсіби компаниялар қарапайым делдалдық қызметтер көрсетумен қатар клиенттерден ақша және бағалы қағаздарды басқаруға қабылдайды. Мұндай қызметті лицензиялауға байланысты банктер мен қаржы компанияларының азғана бөлігі ғана клиенттердің қаражатын басқаруды осы ұғымның толық мән-мағынасына сай жүзеге асырады. Компаниялардың негізгі бөлігі басқарудағы шектеулі сенімгерлік ресімдеумен делдалдық шарттар негізінде клиенттердің қаражатын сенімгерлікпен басқару саясатын жүргізеді. Компания комиссиялық сыйақы мөлшерін әрбір клиенттің болжалды айналымына қарай дербес белгілейді.

